

**Об утверждении плана мероприятий по исполнению рекомендаций об устранении и минимизации коррупционных рисков АО «Астана-РЭК» за 2023 г.**

На основании служебной записки комплаенс-офицера,  
**ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить план мероприятий по исполнению рекомендаций об устранении и минимизации коррупционных рисков АО «Астана-РЭК» за 2023 г. согласно приложению к настоящему приказу.
2. Начальникам подразделений Общества принять к исполнению предложенные согласно рекомендациям мероприятия в установленные сроки и предупредить о персональной ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение мероприятий.
3. Комплаенс-офицеру ознакомить с настоящим приказом заинтересованных лиц.
4. Контроль за исполнением плана мероприятий возложить на комплаенс-офицера.

**Председатель Правления**

**Р. Абжанов**

**Согласовано**

27.12.2023 12:53 Аманжолов Серик Ажибекович

**Подписано**

27.12.2023 15:05 Абжанов Руслан Тюлегенович





үнемдеу және ақшалай қаражатты ұтымсыз пайдаланудың алдын алу мақсатында жаңа трансформатор майын сатып алмау ұсынылды.

Сонымен қатар, талданатын кезеңде келесі жұмыстар жүргізілді:

1. Қоғамдағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді;
2. Бірқатар түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізілді.
3. Мүдделер қақтығысының туындауында байқалған қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері анықталған жоқ.
4. Кәсіпорын қызметкерлері үшін комплаенс офицерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабардар ету үшін хабарлама арнасының (оның ішінде анонимді) жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Осы уақытқа дейін хабарламалар келген жоқ;
5. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыт» жобаларын орындау жөніндегі нұсқаулықтың №1 қосымшасына сәйкес уәкілетті органдарға тоқсан сайынғы есептерді уақтылы ұсыну қамтамасыз етілді;
6. Талданатын кезеңде:
  - кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау, толық немесе уақтылы қабылдамау фактілері анықталған жоқ;
  - кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері анықталған жоқ;
  - мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе түсіру мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілері анықталған жоқ;
  - егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдау фактілері анықталған жоқ;
  - ҚР шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу, иелену, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактілері анықталған жоқ;

### **ТҰЖЫРЫМ:**

1. «Астана-АЭК» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және келіссін.
2. Жауапты тұлға – комплаенс офицер жұмыс тобының құрамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтамаға қол қойылған күннен бастап ұсынымдардың орындалуына мониторинг пен бағалауды жүзеге асырсын.
3. Жауапты тұлға – комплаенс офицер, Қоғамның қызметтері мен бөлімдерінің басшылары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмысты тұрақты негізде жүргізсін.

**Комплаенс-офицер**

**С. Аманжолов**



Сонымен қатар, талдау барысында Қоғам бөлімшелерінің қызметінде бірқатар жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Осылайша, теңгерімдер мен шарттар қызметінде (ТмЖК) электр энергиясын беру жөніндегі қызметтердің дәйексіз көлемін көрсете отырып, электр энергиясын беру бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) қорытынды (жылдық) актілерін дайындаудың **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** анықталды.

Осы тәуекелді жою бойынша ұсынымдар ретінде комплаенс-офицермен осы актілердегі мәліметтердің дұрыстығын келісу міндеттілігі туралы ұсыныс енгізілді.

Электр желілеріне қол жеткізу қызметінде (ЭЖҚЖК) деректері анық емес қағаз форматта электр желілеріне қосылуға техникалық шарттарды (бұдан әрі - ЭЖҚТШ) беру кезінде **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** анықталды.

Ұсыным ретінде адами факторды болдырмау мақсатында ЭЖҚЖК беру процесін цифрландыру жөніндегі жұмысты жандандыру және криптографиялық қорғаумен Қоғамның сайтында пайдаланушының (өтініш берушінің) жеке кабинетінде ЭЖҚЖК орналастыру туралы ұсыныс енгізілді.

Сондай-ақ, бірқатар өндірістік бөлімшелердің қызметінде қызметкерлердің Қоғамның сайтында орналастырылған прејскурантқа сәйкес ақылы қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** Қоғам қызметкерлерінің мүдделі тұлғалардан алған ақшалай қаражатты иемдену жолымен Қоғамның кассасына төлемей ақылы қызметтер көрсету мүмкіндігінен тұрады.

Осы сыбайлас жемқорлық тәуекелін төмендету бойынша ұсынымдар ретінде жедел-диспетчерлік қызметтің (ЖДК) және жедел-диспетчерлік топтың (ЖДТ) қызметіне, өндірістік бөлімшелер қызметкерлерінің және олар пайдаланатын қызметтік көліктің жұмыс уақытында жылжуына бақылауды күшейту, сондай-ақ ақылы қызметтер көрсетуден Қоғамның шоттарына қаржы қаражатының толық түсуіне бақылауды күшейту ұсынылды.

Кабельді желілер қызметінде (КЖК) кабельді желілерді қадағалау секторы қызметкерлерінің техникалық шарттарды сақтамай және құрылыс нормалары мен ережелерін бұза отырып, бұрын басқа кәсіпкерлер салған кабель-каналдарын пайдалана отырып, бизнес-объектілерді орнату кезінде кәсіпкерлерге жерасты кабельдерін тартуға заңсыз жәрдемдесу мүмкіндігіне байланысты **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** анықталды.

Ұсыным ретінде қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және есепті жасап, фотоматериалдар мен өзге де растайтын құжаттарды қоса отырып, бөлімше қызметкерлерінің қызметіне бақылауды күшейту ұсынылды.

Шағын станция қызметінде (ШСК) Қоғамның теңгерімінде тұрмайтын және шағын станцияда резервуарларда сақталатын жарамды трансформаторлық майды қайталама айналымда пайдалану, жаңа трансформаторлық майды заңсыз есептен шығару, сондай-ақ артық көлемдерді қосымша сатып алу мүмкіндігіне байланысты **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** анықталды.

Ұсыным ретінде трансформаторларды толтыру кезінде қайта қолдануға жарамды бұрын пайдаланылған майды теңгерімге қою, сондай-ақ қаражатты



### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы үлгілік ережеге, «Астана-АЭК» АҚ комплаенс-офицері туралы ережеге сәйкес функциялары мен өкілеттіктері Қоғамның комплаенс-офицеріне жүктелген.

Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, «Астана-АЭК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметкерлері мен бөлімшелерінің көп болуына байланысты комплаенс-офицерге жәрдем көрсету мақсатында 2021 жылдан бастап құрамында Қоғамның Басқарма төрағасы, комплаенс-офицер, қауіпсіздік қызметінің (ҚК) бастығы және жетекші инженері, жоспарлау-экономикалық бөлім (ЖЭБ) бастығы, теңгерімдер мен шарттар қызметінің (ТмШК) бастығы, заң қызметінің (ЗК) бастығы, жедел-көшпелі қызметтің (ЖКК) бастығы, электр желілеріне қол жеткізу қызметінің бөлім бастығы бар (ЭЖҚЖК) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі-СЖТІТ) жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Ұжым бөлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметке осындай қатысуы қызметкерлердің Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік атмосферасын құру мақсатында осы жұмыстың өзектілігін түсінуге тартылуына ықпал етеді.

Қоғам басшылығындағы кадрлық өзгерістерге, сондай-ақ штат кестесінің өзгеруіне, жаңа бөлімшелердің құрылуына байланысты жұмыс кестесіне және жұмыс тобының құрамына жыл ішінде түзетулер енгізілді.

Жекелеген бөлімшелер жаңадан құрылған болып табылады, осыған байланысты оларда ағымдағы жылы СЖТІТ өткізілмеген, бұл ретте олар 2024 жылға арналған СЖТІТ кестесіне енгізілген.

СЖТІТ жүргізу бойынша жұмыс тобының қызметі келесідей ұйымдастырылған.

Жұмыс тобының отырыстары бұйрықпен бекітілген СЖТІТ кестесіне сәйкес өткізіледі.

Жұмыс тобының отырысында кестеге сәйкес 2-қызметкерден тұратын 4 кіші топ айқындалады, олар СЖТІТ жүргізу үшін тиісті бөлімшелерге жіберіледі.

СЖТІТ аяқталғаннан кейін жұмыс тобының отырысы өткізіледі, онда СЖТІТ өткізілген бөлімшелердің басшылары тыңдалады, оларға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою немесе азайту жөнінде ұсынымдар беріледі, олардың орындалуы туралы белгілі бір мерзімде жұмыс тобына хабарлауға міндетті.

Ағымдағы жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жөніндегі жұмыс тобының қызметі бұрын өткізілген СЖТІТ нәтижелері бойынша бөлімше басшыларына берілген ұсынымдардың орындалуын бақылауға бағытталды.

**Жүргізілген жұмыс және берілген ұсынымдарды орындау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны 73-тен 27-ге дейін төмендеді.**



- 63.«Астана-АЭК» АҚ ОДҚ жедел басқаруындағы немесе жедел қарауындағы электр желілерінің қалыпты жұмыс режимін жүргізу жөніндегі нұсқаулық.
- 64.«Астана-АЭК» АҚ жедел персоналының жедел журнал жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық.
- 65.«Астана-АЭК» АҚ ОДҚ қызмет көрсету аумағының электр қондырғыларын бастапқы және қайталама коммутациялау схемаларындағы ауыстырып-қосулар жөніндегі нұсқаулық.
- 66.«Астана-АЭК» АҚ ОДҚ қызмет көрсету аумағының жабдықты жөндеуге шығару және энергия объектілерін пайдалануға беруді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық.
- 67.«АЭҮК» АҚ РЭУ Ақмола ОДҚ жедел персоналы мен «Астана-АЭК» АҚ ОДҚ, ЕАЭЖ ЖДТ жедел персоналының өзара қарым-қатынасы туралы нұсқаулық.
- 68.«Астана-АЭК» АҚ ЖДҚ, ЕАЭЖ ЖДТ жедел персоналының және «Астана қалалық жарық» ЖШС жедел персоналының өзара қарым-қатынасы туралы нұсқаулық.
- 69.«Астана-АЭК» АҚ ЖДҚ жедел персоналы мен «Астана Су Арнасы» МКК энергетика қызметінің жедел персоналының өзара қарым-қатынасы туралы нұсқаулық.
- 70.«Астана-АЭК» АҚ ЖДҚ жедел персоналы мен «GorSvetGroup» ЖШС жедел персоналының өзара қарым-қатынасы туралы нұсқаулық.

Ішкі нормативтік құжаттарды зерделеу оларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілері бар нормалардың болуын анықтаған жоқ.

## **2. Мүдделер қақтығысын реттеу**

Талданатын кезеңде Қоғамда Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бұзу фактілері анықталған жоқ.

## **3. Мемлекеттік қызмет көрсету**

Қоғам мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

## **4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

Қоғамда рұқсат беру функциялары жоқ.

## **5. Бақылау функцияларын іске асыру**

Қоғам бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

## **6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.**

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе болдырмау фактілері анықталмаған.

Орташа нарықтық көрсеткіштерден тауарлық-материалдық құндылықтардың аффилирлену және құнының асып кету фактілері анықталмаған.

## **7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұза отырып жасалған шарттарды жасасу және орындау фактілері анықталған жоқ.

## **8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану**

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнама нормаларын сақтай отырып жүзеге асырылады.



43. Бөлімшелер туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу, келісу, бекіту және өзгерту регламенті.
44. Инвестициялық бағдарламаны әзірлеу, мониторингілеу және басқару жөніндегі регламент.
45. «Астана-АЭК» АҚ-ның энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен электрмен жабдықтау шартын жасасу/бұзу және тұтынушылармен (заңды/жеке тұлғалармен) электр энергиясын өткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл регламенті.
46. Көлік құралдарын пайдалану ережелері.
47. Қатардағы құрамды, инженерлік-техникалық персонал қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже.
48. КЖҚ-ның ашық құдықтарды жабу процесінде ЕАЭЖ-мен ЖКҚ-мен, ОДҚ, ЖДТ, ЖДҚ-мен өзара іс-қимыл регламенті.
49. КЖҚ-ның кабельдік желілерді қалпына келтіру процесінде ЖДҚ, ЖКҚ, ЖДТ, МжКҚ, бухгалтериямен өзара іс-қимыл регламенті.
50. Кабель желілерін монтаждау, кабельдік каналдағы авариялық-қалпына келтіру жұмыстары кезінде құрылыс-монтаждау ұйымдарының жұмыстарды жүргізуі жөніндегі регламент.
51. Кабель желілерін монтаждау, траншеяларда авариялық-қалпына келтіру жұмыстары кезінде құрылыс-монтаждау ұйымдарының жұмыстарды жүргізуі жөніндегі регламент.
52. Өлшеу құралдарын индикаторлар разрядына ауыстыру және олардың жарамдылығын бақылау жөніндегі нұсқаулық.
53. Өлшеу құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулық.
54. Электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін техникалық шарттарға (100 кВ дейін және одан жоғары) сәйкес ажырату актісін кейіннен бере отырып, электр қондырғысының сыртқы қосылуын тексеру актісін ресімдеу жөніндегі регламент.
55. Жаңа жабдық пен ЭБЖ қосуға/бөлшектеу/ажыратуға өтінім картасын ресімдеу жөніндегі регламент.
56. Салынған объектінің пайдалануға сәйкестігі туралы декларацияға қол қою регламенті.
57. Сыртқы электрмен жабдықтау жобаларын келісу жөніндегі регламент.
58. ШС РҚА құрылғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулық.
59. ҮП, ТШС РҚА құрылғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулық.
60. «Астана-АЭК» АҚ қызмет көрсету аумағының 220/110/35/20/10/6 кВ электр желілерін диспетчерлік басқару туралы ереже.
61. «Астана-АЭК» АҚ ОДҚ, ЖКҚ және ЕАЭЖ ЖДТ жедел персоналдың ӘЖ (КЖ) және 220/6 кВ шағын станциялық жабдықты жедел басқару бойынша өзара қарым-қатынасы туралы ереже.
62. «Астана-АЭК» АҚ ОДҚ қызмет көрсету аумағының 220/110/35/20/10 кВ электр желілеріндегі технологиялық бұзушылықтардың алдын алу, оқшаулау жөніндегі нұсқаулық.



15. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, шарттарды жасасу және олардың орындалуын бақылау тәртібі туралы ереже.
16. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі және қауіпсіздік техникасы туралы ереже.
17. Персоналмен жұмыс істеудің техникалық регламенті.
18. ҚТ күнін өткізу жөніндегі нұсқаулық.
19. Лауазымдар мен жұмыс түрлері бойынша еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар.
20. Тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтау регламенті.
21. Персоналмен жұмыс істеудің техникалық регламенті.
22. «Atlas» биллингтік жүйесіне тексеру актілерін енгізу және тексеру актілерін беру жөніндегі регламент.
23. ЭЕЖЕАҚ-да электр энергиясын есептеу және қайта есептеу бойынша регламент.
24. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері.
25. Коммерциялық (қызметтік) құпияны құрайтын мәліметтерді беру және сақтау тәртібі туралы ереже.
26. Өндірістік қызметтерде, АЭЖ-де және бөлімдерде алғашқы медициналық көмек көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық.
27. Объектілердегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жалпы нұсқаулық.
28. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты.
29. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау әдістемесі.
30. Ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтерді сәйкестендіру, жіктеу және таңбалау қағидалары.
31. Ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі ереже.
32. Есептеу техникасы, телекоммуникациялық жабдық және бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын түгендеу және паспорттау қағидалары.
33. Ақпараттық қауіпсіздіктің ішкі аудитін жүргізу қағидалары.
34. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану ережелері.
35. Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату қағидалары.
36. Интернет және электрондық поштаны пайдалану ережелері.
37. Аутентификация рәсімін ұйымдастыру қағидалары.
38. Антивирустық бақылауды ұйымдастыру ережелері.
39. Мобильді құрылғылар мен ақпарат тасымалдағыштарды пайдалану ережелері.
40. Ақпаратты физикалық қорғауды ақпаратты өңдеу құралдарын және ақпараттық ресурстардың жұмыс істеуінің қауіпсіз ортасын ұйымдастыру қағидалары.
41. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимыл регламенті.
42. Кінәрат-қуыным жұмысының регламенті



Қоғамның функционалдық міндеттерін орындау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Азаматтық және Еңбек кодекстерімен, Жарғымен, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:**

- 1) Қоғамда тексерілетін кезеңде қабылданған қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) Қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6) Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 7) Бақылау функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 8) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 9) Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау.**

Ішкі талдау жүргізу барысында Қоғамның қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер, тексеру нәтижелері, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар және т. б. зерделенді.

Қоғамның жеке ішкі құжаттары зерттелді:

1. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
2. Қоғамның 2020-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
4. Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу саясаты.
5. Іскерлік этика кодексі;
6. Қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу қағидалары.
7. Ұжымдық шарт;
8. Қоғамның Корпоративтік кодексі;
9. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді есепке алу жөніндегі регламент.
10. Дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу жөніндегі регламент.
11. Тауарлы-материалдық құндылықтарды есепке алу жөніндегі регламент.
12. Салықтық есеп саясаты.
13. Есеп саясаты.
14. Төлем операцияларын жүзеге асыру регламенті.



**«Астана-АЭК» АҚ 2023 жылғы  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін  
ішкі талдау қорытындылары бойынша  
талдамалы анықтама**

Астана қаласы

15 желтоқсан 2023 жыл

Мен, «Астана-АЭК» АҚ комплаенс-офицері С.А. Аманжолов құрамында «Астана-АЭК» АҚ Басқарма төрағасы Р. Абжанов, ҚҚ бастығы Е. Коппаев, ТМШҚ бастығы Н. Айтимов, ЭЖҚЖҚ бөлімінің бастығы О. Гурьянова, ЖЭБ бастығы А.Матайс, ЖКҚ бастығы Т. Ермағамбетов, ЗҚ бастығы Е. Смышляева, ҚҚ жетекші инженері Е. Мухаметжанов бар жұмыс тобымен бірлесіп «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» «Астана-АЭК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Басқарма төрағасының 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 82-НҚ (2023 жылғы 30 қыркүйектегі № 544-НҚ, 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 706-НҚ) бұйрығы негізінде Қоғам бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау 2023 жылғы 1 қаңтардан 30 қыркүйекке дейінгі кезенді қамтыды.

Талдау Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға, «Астана-АЭК» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізілді.

**Кәсіпорын туралы**

«Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ Қоғамның акциялар пакетінің 100% ұстаушысы, «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ уәкілетті органы болып табылады.

Қоғамның Жарғысы «Астана-АЭК» АҚ жалғыз акционерінің шешімімен жаңа редакцияда бекітілді (*жалғыз қатысушының 2023 жылғы 28 наурыздағы № 06-12/41-2 шешімі*).

Жарғының қолданыстағы редакциясындағы «Астана-АЭК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) қызмет түрлері:

Қоғамның негізгі қызметі электр энергиясын тарату, екінші қызмет түрі электр энергиясын беру болып табылады.

Қазіргі уақытта Қоғам құрылымында 41-бөлімше бар, штат саны 1659 жұмыскер.

Кәсіпорындағы жұмыс өтілі 3 жылға дейін-848 қызметкер, 3 жылдан 6 жылға дейін-213 қызметкер, 6 жылдан және одан жоғары-598 қызметкер.

Талданған кезеңде 421 қызметкер жұмысқа қабылданды.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша 21 қызметкермен еңбек құқықтық қатынастары тоқтатылды: (оның 7-өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, 9-зейнеткерлік жасқа толуына байланысты, 4-1 айдан астам жұмыста болмауы, 1-негізгі жұмысқа қабылдануына байланысты). Еңбек шартының мерзімі өткен - 6, тараптардың келісімі бойынша-3, қайтыс болуына байланысты-3, қызметкердің бастамасы бойынша – 216, барлығы-249.